С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.262-263

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОС ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Мухаметжарова И.

Қазақстанда қой өсіру мал шаруашылығындағы ежелден қалыптасқан жетекші салаларының бірі болып саналады. Одақ кезінде биязы жүнді қой шаруашылығы қарқынды дамып, шаруашылықтардың экономикалық табысы өндірілген жүнге байланысты болды. Биязы жүн жоғары бағаланып, шаруашылықтың шығынын жауып пайда келтірді, себебі жүн өндірісіне үкімет тарапынан тапсырыс берілетін. Қой тұқымының құндылығы жүн түсімінің мөлшері мен қырқылатын жүннің салмағына қарай бағаланды. Бірақ соңғы жылдары арзан жасанды химиялық талшықтардың шығуна және мемлекеттік тапсырыстың тоқтатылуына байланысты жүн өндіру пайдасыз болды. Бұл құбылыс әсіресе биязы жүнді қой шаруашылығына әсер етті. Республикамыздағы биязы жүнді қой тұқымдарына қазақтың биязы жүнді, архар мериносы, оңтүстік қазақ мериносы және солтүстік қазақ мериносы жататыны белгілі. Жіңішке жүннің қажеттілігі төмендегенімен, қой етіне әсіресе жас мал етіне сұраныс артты. Сондықтан нарық талабы мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуде етті және етті-жүнді бағыттағы қой тұқымдарын пайдалану тиімді.

Оңтүстік қазақ мериносы қой тұқымын одан әрі жетілдіре, отырып, өнімділігін жоғарлатуға ірі көлемді селекциялық асылдандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде асыл тұқымды мал шаруашылықтарында таза жүн түсімі 2,0-2,3 кг құрайтын аналықтардың селекциялық топтары құрылды.

Жамбыл облысы, Шу ауданы, «Батай-Шу» асылтұқымды жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаруашылығы негізінде жүнді-етті бағыттағы Оңтүстік қазақ меринос тұқымды қой өсірілуде. Бұл тұқым қойлары өнімділігі жағынан қос бағытта болғандықтан, оларды өсіру экономикалық жағынан тиімді, әрі шаруашылықта пайдалану үшін тез жетілгіш болып келеді.

Саулықтардың төлдегіштігіне қолдан жасанды ұрықтандыру шараларының ойдағыдай жүргізілуі әсер ететінің белгілі. Шаруашылықта қолдан ұрықтандыру науқаны 25-қазаннан басталып, 22-26 қарашада аяқталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей жасанды ұрықтандыруға алынған 1500 бас саулықтардың ұрықтануы 92,5-95,5%-ды құрады. Көктемде қоздаған саулықтардың төлдегіштігі 112,4-116,5% аралығында болды. Алынған қозылардың өміршеңдігі 98,6%. Қой тұқымын асылдандыру

жұмыстарының шаруашылық және биологиялық жағынан маңызды белгісі тірілей салмағы болып табылады. Сондықтан будан және таза қанды қозылардың тірілей салмағы бойынша салыстырмалы талдау жасау үшін олардың жаңа туған және 4-4,5 айлық кезіндегі тірі салмақтары өлшенді. Туылған кездегі қозылардың тірі салмағы еркек ұрғашысына сәйкесінше 4,0-4,2 және 3,6-3,8 кг аралығында болды. Қозы бөлік кезінде, яғни 4-4,5 айлық мерзімде қозылардың тірі салмақтары еркек және ұрғашысына сәйкесінше 29,5-32,6 және 27,8-30,4 кг аралығында болды. Қозылардың тәуліктік орташа салмақ қосуы еркек қозыларда 234,16 және ұрғашы қозыларда 221,6 г құрады.

Қошқарлардың орташа тірілей салмағы 80-95 кг, саулықтары 54,0-58,0 кг тартады. Жүн жіңішкелігі негізінен 64-ші сапа (20,6-23,0 мкм), ұзындығы мен жүн түсімі тиісінше: 10,2; 9,0 см; 6,5-4,2 кг. Жалпы бұл өсу және өнімділік көрсеткіштер шөл және шөлейт аймақтарда өсірілетін биязы жүнді қой шаруашылығына жақсы нәтиже деуге болады.

Қорытындылай келе, Шу-Іле аласа таулар етегінде шалғай жайылым жағдайында өсірілетін оңтүстік қаза мериносы қойларының бейімділігі жоғары. Сондықтан алдағы уақытта оңтүстік қазақ мериносы қой тұқымына селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуді жалғастырып, өнімділігін жоғарлата беру қажет.

Ғылыми жетекші – а.ш.ғ.д., доцент Е. Исламов